

2021-2022 оқу жылының қыркүек айында колледж Жастар ісі жөніндегі инспекторы Мамбетов Ербол Әбдіманапұлы және студентік парламент президенті Құдайберген Балғынбектің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында жиын өткізілді. Жиын барысында студентік Парламент Президенті және 6-құрылым мүшелері таныстырылды. Сонымен қатар жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілді.

Парламент мақсаты:

Жастарды үздіксіз дамуға , қоғамдық өмірге бейімдеу және жүйелі шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ой жиегін кеңейтіп, жауапкершілікке дағдыландыру.

Парламент міндеті:

- Жастардың Отансүйгіштік қасиетін дамыту;
- Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуді дербес жүзеге асыруына жағдай жасау;
- Жастардың қоғамдық, шығармашылық, инновациялық бастамаларын қолдау;
- Еңбек , білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету;
- Жастардың ұйымдастыру қабілеті мен іскерлік белсенділігін қалыптастыру;
- Жаһандану жағдайында мәдениет , ілім-білім саласында заманауи үрдістерді сай үздіксіз даму әрекеттерін жүзеге асыру;
- Жастардың салауатты өмір салтын ұстануна жағдай жасау;

